Journal of Health Development
e2663-1776

Шолу мақала

Қоғамдық денсаулық сақтау мәселесі ретінде жасөспірімдер агрессиясы: Қазіргі үрдістері, қауіп-қатер факторлары және алдын алудың дәлелді стратегиялары

Камалиев М.А. [1], Ауезова А.М. [2], Багиярова Ф.А. [3], Каржаубаева Ш.Е. [4], Мойынбаева Ш.М. [5], Нарымбаева Н.Н. [6], Карибаева И.А. [7], Камалиев Д.М. [8], Жаксылыкова А.В. [9]*

[1] Денсаулық сақтау менеджменті кафедрасының меңгерушісі, Жоғары қоғамдық денсаулық мектебі, Алматы, Қазақстан
[2] Ректор, Жоғары қоғамдық денсаулық мектебі, Алматы, Қазақстан
[3] Коммуникативті дағдылар кафедрасының профессоры, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан
[4] Басқарма төрағасының орынбасары, Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы, Астана, Қазақстан
[5] Ғылым және консалтинг департаментінің директоры, Жоғары қоғамдық денсаулық мектебі, Алматы, Қазақстан
[6] Денсаулық сақтау менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, Жоғары қоғамдық денсаулық мектебі, Алматы, Қазақстан
[7] Денсаулық сақтау және қоғамдық денсаулық сақтау саясаты департаменті, Цзяньпин Хсу Қоғамдық денсаулық сақтау колледжі, Джорджия Оңтүстік Университеті, Стейтсборо, Америка Құрама Штаттары
[8] Студент, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан
[9] PhD докторанты, Жоғары қоғамдық денсаулық мектебі, Алматы, Қазақстан
* Хат-хабаршы авторы:

Received: October 15, 2025
Revised: December 20, 2025
Accepted: December 21, 2025
Published: December 24, 2025

Citation: Maksut Kamaliyev, Ardak Auyezova, Fatima Bagiyarova, Sholpan Karzhaubayeva, Sharapat Moiynbayeva, Nazerke Narymbayeva, Indira Karibayeva, Daniyar Kamaliyev, Assel Zhaksylykova. Kogamdyk densaulyk saktau maselesi retinde zhasospirimder agressijasy: Kazirgi urdisteri, kauip-kater faktorlary zhane aldyn aludyn daleldi strategijalary (Adolescent Aggression as a Public Health Issue: Current Trends, Risk Factors, and Evidence-Based Preventive Strategies) [in Kazakh]. J Health Dev. 2025, 60 (7), jhd046.
https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60-7-jhd046

This work is licensed under a Creative Commons Attribution 4.0 International License

Түйіндеме

Жасөспірімдер арасындағы агрессия психикалық денсаулыққа, әлеуметтік бейімделуге және білім беру нәтижелеріне әсер ететін өзекті қоғамдық денсаулық сақтау мәселесі болып табылады. Дәстүрлі және цифрлық агрессия түрлерінің өсуі профилактикалық тәсілдерді жаңартуды талап етеді. Шолудың мақсаты – асөспірімдер агрессиясының таралуы, қауіп факторлары және тиімді интервенциялар жөніндегі заманауи деректерді жүйелеу, сондай-ақ халықаралық тәжірибені Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндіктерін анықтау. Шолу PRISMA 2020 нұсқаулығына сай жүргізілді. PubMed, Scopus, Web of Science және Google Scholar дерекқорларында іздеу жасалды. Талдауға 2015–2024 жылдар аралығында жарияланған 25 зерттеу енгізілді. Агрессияның қалыптасуы биопсихоәлеуметтік және цифрлық факторлармен байланысты. Тиімді интервенциялар қатарында когнитивті-мінез-құлық бағдарламалары, эмоциялық реттеуді дамыту, отбасыға бағытталған тәсілдер және психикалық денсаулықты көпдеңгейлі нығайту модельдері бар. Ерте анықтауға бағытталған цифрлық құралдар перспективалы болып табылады. Жасөспірімдер агрессиясының алдын алу салааралық іс-қимылдарды, цифрлық шешімдерді және дәлелді бағдарламаларды ұлттық контекстке бейімдеуді талап етеді.

Түйін сөздер: жасөспірімдер, агрессия, қауіп факторлары, профилактика, психикалық денсаулық, кибербуллинг, қоғамдық денсаулық сақтау.

1.Кіріспе

Жасөспірімдердің агрессиясы қоғамдық денсаулық сақтау үшін маңызды мәселе болып табылады, өйткені ол зорлық-зомбылық деңгейіне, психикалық денсаулыққа, мектептегі үлгерімге, әлеуметтік интеграцияға және жастардың болашақ мінез-құлық траекториясына әсер етеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, агрессивті және тәуекелді мінез-құлық жасөспірімдердің едәуір бөлігінде қалыптасады және мазасыздық бұзылыстарының, депрессияның, психоактивті заттарды қолданудың және суицидтік мінез-құлықтың жоғары таралуымен байланысты [1]. Агрессия психикалық денсаулықтың нашарлауын көрсететін мінез-құлық маркері ретінде әрекет етіп, қолайсыз өмірлік оқиғалардың жинақталуына, мектептегі бейімделудің төмендеуіне және ересек жаста қайталанатын зиянды әрекеттер қаупінің артуына ықпал ететін фактор болып табылады [2].

Дүниежүзінің көптеген елдерінде жасөспірімдер арасында тұлғааралық қақтығыстардың, буллингтің, кибербуллингтің және агрессивті мінез-құлықтың басқа да түрлерінің өсуі байқалуда. Мұны коммуникацияның цифрлануымен, әлеуметтік қолдаудың сапасының төмендеуімен, психикалық денсаулық қызметтеріне қолжетімділіктің теңсіздігімен және постпандемиялық кезеңдегі психосоциалдық ортаның өзгерістерімен байланыстырады [3]. Заманауи зерттеулер жасөспірімдер арасындағы агрессивті мінез-құлық түрлерінің таралуы 20–30%-ға жететінін, ал кибербуллингтің елге және қолданылатын әдістемелік тәсілдерге қарай 9%-дан 30%-ға дейінгі оқушыларды қамтитынын көрсетеді [4,5].

Қазақстан үшін де жасөспірімдер арасындағы агрессия мәселесі өзектілігін жоғалтпай отыр. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар санының артуы, мектептегі буллинг жағдайларының көбеюі, тұлғааралық агрессивті қақтығыстар мен тәуекелді мінез-құлық көріністерінің жиілеуі байқалады. Бұл үрдістер жасөспірімдердегі психикалық денсаулық проблемаларының жоғары таралуымен және мамандандырылған көмекке қолжетімділіктің шектеулілігімен ұштасып отыр, бұл қоғамдық денсаулық сақтау аясында кешенді профилактикалық шараларды әзірлеу қажеттілігін айқындайды.

Қоғамдық денсаулық сақтаудың заманауи тұжырымдамалары агрессияны жеке, отбасылық, мектептік, әлеуметтік және цифрлық деңгейлердегі тәуекел факторларының ықпалымен қалыптасатын көпдеңгейлі құбылыс ретінде қарастырады [6-7]. Әлеуметтік-экологиялық модель тәуекел факторларының әсерін азайтуға және популяциялық деңгейде қорғаныс факторларын күшейтуге бағытталған салалар арасындағы және көпдеңгейлі профилактикалық бағдарламалардың маңыздылығын атап көрсетеді [8].

Халықаралық тәжірибе жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын алдын алуға және олардың психикалық денсаулығын жақсартуға бағытталған дәлелді бағдарламалардың тиімділігін көрсетеді. Оларға когнитивті-мінез-құлықтық тәсілдер, эмоцияларды реттеу бағдарламалары, мінез-құлықты мониторингтеудің цифрлық құралдары және қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне интеграцияланған кешенді мектеп-медициналық бастамалар кіреді [9,10]. Сонымен қатар, мұндай бағдарламаларды басқа елдерде табысты енгізу мәдени бейімдеуді, ұйымдық интеграцияны және олардың тиімділігін жергілікті жағдайларда бағалауды талап етеді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, жасөспірімдер агрессиясы қоғамдық денсаулық сақтау аясында ғылыми негізделген талдауды және жүйелі түрде әрекет етуді талап ететін күрделі пәнаралық мәселе болып табылады.

Осы шолу зерттеудің мақсаты — жасөспірімдер агрессиясының таралуы, тәуекел факторлары және оны төмендетуге бағытталған дәлелді профилактикалық интервенциялар туралы заманауи деректерді жүйелеу, сондай-ақ халықаралық модельдерді Қазақстан жағдайларына бейімдеу мүмкіндіктерін қоғамдық денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде талдау.

2. Әдістеме

Бұл шолу PRISMA 2020 нұсқаулықтарына сәйкес орындалды [11]. Әдебиеттерді іздеу 2025 жылдың қаңтар айында PubMed, Scopus, Web of Science және Google Scholar халықаралық электрондық дерекқорларында жүргізілді, 2015–2024 жылдары жарияланған еңбектерді қамтыды.

Шолуға жасөспірімдердің (10–19 жас) агрессивті мінез-құлқына арналған, эпидемиология, тәуекел факторлары немесе профилактикалық интервенциялар туралы деректерді қамтитын, қоғамдық денсаулық сақтау саласына қатысты, рецензияланатын журналдарда жарияланған және ағылшын немесе орыс тілдерінде ұсынылған зерттеулер енгізілді.

Тек педагогикалық әдістерге арналған мақалалар, ересектерге қатысты зерттеулер,

эмпирикалық деректері жоқ жұмыстар, агрессия, тәуекел факторлары немесе профилактика туралы мәлімет бермейтін жарияланымдар, сондай-ақ әдіснамалық айқындылығы жеткіліксіз төмен сапалы зерттеулер шолудан алынып тасталды.

Іздеу MeSH-үйлесімді терминдердің комбинацияларын пайдалана отырып жүргізілді:

"Aggression", "Adolescent", "Public Health", "Risk Factors", "Mental Health", "Cyberbullying", "Behavior Therapy", "Prevention and Control".

Жарияланымдарды тіркеу, скринингтен өткізу және іріктеу кезеңдерінің реттілігі PRISMA нұсқаулықтарына сәйкес ұсынылған және 1-суретте көрсетілген.



1 сурет – PRISMA 2020 әдіснамасы бойынша жарияланымдарды іріктеу схемасы

Зерттеулердің сапасы таңдама сипаттамасының дұрыстығы, агрессияны бағалау үшін қолданылған құралдардың валидтілігі, интервенциялық жұмыстарда бақылау немесе салыстырмалы топтың болуы, тұжырымдардың жеткілікті статистикалық негізділігі, сондай-ақ дәлелді медицинаның қағидаттарына сәйкестігі негізінде бағаланды.

Шолу жарияланған деректерге негізделгендіктен, этикалық комитеттің мақұлдауы талап етілмеді.

3. Нәтижелері

Жасөспірімдер агрессиясының эпидемиологиялық үрдістері

Заманауи зерттеулер жасөспірімдер арасындағы агрессивті мінез-құлықтың кең таралған құбылыс болып қала беретінін және қоғамдық денсаулық көрсеткіштеріне елеулі әсер ететінін көрсетеді. Халықаралық іріктемелік зерттеулердің деректері бойынша, жасөспірімдердегі физикалық агрессия деңгейі 15%-дан 30%-ға дейінгі аралықта өзгереді, ал буллинг пен виктимизацияның әртүрлі түрлері көптеген оқушыларда байқалады [12]. Бірқатар еңбектер постпандемиялық кезеңде эмоционалдық және вербалды агрессияның өсуін атап көрсетеді, бұл үрдіс мазасыздықтың артуымен, әлеуметтік байланыстардың бұзылуымен және цифрлық ортадағы мінез-құлықтың өзгеруімен байланыстырылады [13].

Кибербуллинг — агрессияның жылдам өсіп келе жатқан түрі, ол әртүрлі елдерде 9%-дан 20%-ға дейінгі жасөспірімдерді қамтиды деп бағаланады [14]. Зерттеулер цифрлық агрессияның мазасыздық күйлерімен, депрессиямен және суицидтік ойлармен дәстүрлі тұлғааралық қақтығыстарға қарағанда күшті байланыста екенін көрсетеді [15].

Қазақстанда да осыған ұқсас үрдістер байқалады. Ұлттық деректерге сәйкес, кәмелетке толмағандар арасында қақтығыстардың, буллинг әрекеттерінің, топтық төбелестердің және агрессивті мінез-құлық көріністерінің өсуі тіркелуде [16]. Мектеп қызметтеріне және құқықтық

құрылымдарға жасалған өтініштерді талдау жасөспірімдердің елеулі бөлігі психологиялық қысымға ұшырайтынын немесе агрессивті жағдайлардың қатысушысы болатынын көрсетеді, бұл қоғамдық денсаулық деңгейінде жүйелі профилактиканың қажеттілігін айқындайды.

Жасөспірімдер агрессиясының эпидемиологиялық үрдістері

Зерттеулер агрессияның биологиялық, психологиялық, отбасылық, мектептік, әлеуметтік және цифрлық детерминанттарды қамтитын көпфакторлы табиғатын растайды.

Жеке факторларға эмоцияларды реттей алмау, импульсивтілік, күйзеліске төзімділіктің төмендігі, мазасыздық пен депрессиялық бұзылыстардың симптомдары, сондай-ақ агрессивті реакциялардың қалыптасуына ықпал ететін когнитивтік ерекшеліктер жатады.

Отбасылық факторлар — қолдаудың төмен деңгейі, отбасындағы қақтығыстар, қатаң тәрбиелеу әдістері, эмоционалдық қабылдамау — жасөспірімдер агрессиясының ең күшті предикторларының бірі болып саналады.

Психологиялық қолдаудың жоқтығымен, буллингпен, құрдастар арасында агрессивті мінез-құлықтың имплицитті нормаларымен сипатталатын мектеп ортасы тұрақты агрессиялық мінез-құлық үлгілерінің қалыптасу ықтималдығын арттырады.

Әлеуметтік және цифрлық факторлар — кибербуллинг, агрессивті онлайн-қоғамдастықтарға қатысу, қақтығысты мазмұнды тұрақты тұтыну — мінез-құлықтық дисрегуляцияны күшейтеді және агрессивті өзара әрекеттесу модельдерінің дамуына әсер етеді.

Қолданыстағы деректердің шектеулері

Дәлелді тәсілдердің болуына қарамастан, зерттеулер бірқатар шектеулерді атап көрсетеді. Оларға халықаралық бағдарламалардың ұлттық контекстілерге жеткіліксіз бейімделуі, Орталық Азия елдеріндегі агрессияның цифрлық түрлері бойынша деректердің шектеулілігі, агрессияны бағалау үшін қолданылатын құралдардың әртүрлілігі салдарынан нәтижелерді салыстырудың күрделілігі, сондай-ақ алынған әсерлердің тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін лонгитюдтік зерттеулердің тапшылығы жатады.

Бұл шектеулер қоғамдық денсаулық сақтау деректеріне негізделген және ерте анықтаудың цифрлық технологияларын қамтитын жергілікті профилактикалық модельдерді әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

4. Талқылау

Алынған нәтижелер жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы қоғамдық денсаулық сақтау үшін елеулі салдары бар және әртүрлі деңгейлерде кешенді әрекет етуді талап ететін көпкомпонентті мәселе екенін растайды. Халықаралық зерттеулер жасөспірімдер агрессиясының психикалық денсаулық бұзылыстарымен, қолайсыз отбасылық жағдайлармен, әлеуметтік қолдаудың тапшылығымен және цифрлық ортаның ықпалымен тығыз байланысты екенін көрсетеді [17]. Бұл деректер жасөспірім мінез-құлқы жеке, тұлғааралық және контекстуалдық факторлардың өзара әрекеттесуімен анықталады деп қарастыратын әлеуметтік-экологиялық модельмен үйлеседі [18].

Цифрлық ортаның әсері ерекше маңызға ие, өйткені заманауи зерттеулер кибербуллинг пен онлайн-агрессияның жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына дәстүрлі тұлғааралық қақтығыстарға қарағанда әлдеқайда күшті әсер ететінін көрсетеді [19]. Бұл қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларына мониторинг жүргізу, кеңес беру және профилактика бойынша цифрлық құралдарды интеграциялауды талап етеді. Цифрлық технологиялар белсенді енгізілген елдерде агрессивті мінез-құлықты ерте анықтау жүйелері психикалық денсаулық қызметтеріне түсетін жүктемені азайтуға және жасөспірімдерді дер кезінде мамандарға бағыттауға мүмкіндік береді [20].

Сонымен бірге шолу нәтижелері елдер арасында профилактикалық бағдарламалардың қолжетімділігі мен тиімділігі бойынша елеулі айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Орталық Азия елдерін қоса алғанда, бірқатар аймақтарда цифрлық агрессияның таралуы туралы деректердің жеткіліксіздігі, скрининг құралдарының шектеулілігі және халықаралық бағдарламалардың жергілікті әлеуметтік-мәдени контекстке жеткіліксіз бейімделуі анықталды [21]. Бұл мәдени ерекшеліктерді, білім беру жүйесінің құрылымын және қоғамдық денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігін ескеретін локализацияланған модельдерді әзірлеу қажеттілігін растайды.

Халықаралық әдебиетте сипатталған тиімді интервенциялар когнитивті-мінез-құлықтық тәсілдерді, эмоцияларды реттеуді және әлеуметтік құзыреттілікті дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ психикалық денсаулықты нығайтудың көпдеңгейлі модельдерін қамтиды [22]. Ең маңызды нәтижелер жасөспірімдерге, олардың отбасыларына және әлеуметтік ортасына бір мезгілде бағытталған бағдарламаларда байқалады. Алайда мұндай

кешенді бағдарламалар дамыған инфрақұрылымды және білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау жүйелерін қамтитын салалар арасындағы өзара іс-қимылды талап етеді, бұл ресурстары шектеулі елдер жағдайында әрдайым іске аса бермейді [23].

Алынған деректер саралық ынтымақтастықты күшейтудің қажеттілігін де растайды. Медициналық қызметкерлердің, психикалық денсаулық саласындағы мамандардың, әлеуметтік қызметтердің және цифрлық платформалардың бірлескен жұмысы агрессияның алдын алудың анағұрлым тұрақты модельдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бірқатар елдерде мектеп мамандары, жалпы тәжірибелік дәрігерлері және психологтар тәуекел тобына жататын жасөспірімдерді бағыттау және мониторингтеу бойынша бірыңғай жүйе аясында жұмыс істейтін интеграцияланған тәсілдер енгізілген [24].

Қазақстан үшін цифрлық скринингті енгізуді, қоғамдық денсаулық сақтаудың құрамдас бөлігі ретінде мектеп медицинасы қызметін жетілдіруді, психологиялық көмектің қолжетімділігін кеңейтуді, сондай-ақ үздік халықаралық тәжірибелерді ұлттық ерекшеліктерге бейімдеуді қамтитын жүйелі тәсілді дамыту аса маңызды болып табылады. Деректердегі олқылықтардың болуы, лонгитюдтік зерттеулердің шектеулілігі және қолданыстағы бағдарламалардың мәдени тұрғыдан жеткіліксіз бейімделуі дәлелді медицина мен қоғамдық денсаулық сақтау қағидаттарына негізделген жергілікті зерттеулер жүргізу және ұлттық профилактикалық модельдерді әзірлеу қажеттілігін айқындайды [25].

5. Қорытынды

Заманауи деректерді талдау жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы қоғамдық денсаулық сақтау үшін маңызды мәселе екенін және оның биопсихоәлеуметтік әрі цифрлық факторлар кешенінің ықпалымен қалыптасатынын көрсетеді. Дәстүрлі және онлайн агрессия түрлерінің таралуын қамтитын эпидемиологиялық үрдістер мінез-құлықтық тәуекелдерді ерте анықтаудың және профилактикалық шараларды жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қорғау жүйесіне интеграциялаудың қажеттілігін айқындайды.

Халықаралық тәсілдерді шолу ең жоғары тиімділікті жеке, отбасылық және қоғамдық-құрылымдық компоненттерді үйлестіретін көпдеңгейлі интервенциялар, сондай-ақ жасөспірімдерді мониторингтеу мен сүйемелдеуге арналған цифрлық технологияларды қолдану көрсететінін дәлелдейді. Алайда, оларды табысты енгізу ұлттық контекст, ресурстардың қолжетімділігін және қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеуді талап етеді.

Қазақстан үшін агрессияның алдын алудың локализацияланған модельдерін дәлелді медицина қағидаттарына негіздей отырып дамыту; скрининг пен ерте анықтауға арналған цифрлық платформаларды енгізу; психологиялық көмектің қолжетімділігін кеңейту; сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау қызметтері арасындағы саралық өзара іс-қимылды нығайту басым бағыттар болып табылады. Бейімделген профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу агрессивті мінез-құлықтың таралуын төмендетуге, жасөспірімдердің психикалық денсаулығын жақсартуға және жас ұрпақтың ұзақ мерзімді әл-ауқатын нығайтуға мүмкіндік береді.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі: Барлық авторлар осы мақаланы жазу барысында тең дәрежеде қатысқан. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, келісімін берді және авторлық құқықтарды беру нысанына қол қойды.

Қаржыландыру. Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (ИРН AP26102083).

Әдебиет

1. Vega, A., Cabello, R., Megías-Robles, A., Gómez-Leal, R., & Fernández-Berrocal, P. (2022). Emotional Intelligence and Aggressive Behaviors in Adolescents: A Systematic Review and Meta-Analysis. Trauma, violence & abuse, 23(4), 1173–1183. https://doi.org/10.1177/1524838021991296

2. Pompili, E., Carlone, C., Silvestrini, C., & Nicolò, G. (2017). Focus on aggressive behaviour in mental illness. Focus on aggressive behaviour in mental illness. Rivista di psichiatria, 52(5), 175–179. https://doi.org/10.1708/2801.28344

3. Sobkin, V. S., & Fedotova, A. V. (2021). Adolescents on Social Media: Aggression and Cyberbullying. Psychology in Russia: state of the art, 14(4), 186–201. https://doi.org/10.11621/pir.2021.0412

4. Zhu, C., Huang, S., Evans, R., & Zhang, W. (2021). Cyberbullying Among Adolescents and Children: A Comprehensive Review of the Global Situation, Risk Factors, and Preventive Measures. Frontiers in public health, 9, 634909. https://doi.org/10.3389/fpubh.2021.634909

5. Fauzi, F. A., Zulkefli, N. A. M., & Baharom, A. (2023). Aggressive behavior in adolescent: The importance of biopsychosocial predictors among secondary school students. Frontiers in public health, 11, 992159. https://doi.org/10.3389/fpubh.2023.992159

6. Kosherbaeva, L. K., Sejduanova, L. B., & Tolegenova, A. M. (2025). Vlijanie faktorov okruzhajushhej sredy i obraza zhizni na kognitivnye funkcii studentov medicinskih universitetov: Sovremennye podhody i perspektivy (Influence of environmental factors and lifestyle on cognitive functions of medical university students: modern approaches and perspectives) [in Russian]. Journal of Health Development, 60(5). https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60-5-jhd027

7. Allen, J. J., Anderson, C. A., & Bushman, B. J. (2018). The General Aggression Model. Current opinion in psychology, 19, 75–80. https://doi.org/10.1016/j.copsyc.2017.03.034

8. Lee, B. C., Bendixsen, C., Liebman, A. K., & Gallagher, S. S. (2017). Using the Socio-Ecological Model to Frame Agricultural Safety and Health Interventions. Journal of agromedicine, 22(4), 298–303. https://doi.org/10.1080/1059924X.2017.1356780

9. Forsberg, K., Sheats, K. J., Blair, J. M., Nguyen, B. L., Amoakohene, E., Betz, C. J., & Lyons, B. H. (2025). Surveillance for Violent Deaths - National Violent Death Reporting System, 50 States, the District of Columbia, and Puerto Rico, 2022. Morbidity and mortality weekly report. Surveillance summaries (Washington, D.C.: 2002), 74(5), 1–42. https://doi.org/10.15585/mmwr.ss7405a1

10. Kalvin, C. B., Zhong, J., Rutten, M. R., Ibrahim, K., & Sukhodolsky, D. G. (2024). Review: Evidence-Based Psychosocial Treatments for Childhood Irritability and Aggressive Behavior. JAACAP open, 3(1), 14–28. https://doi.org/10.1016/j.jaacop.2024.01.009

11. Page, M. J., McKenzie, J. E., Bossuyt, P. M., Boutron, I., Hoffmann, T. C., Mulrow, C. D., Shamseer, L., Tetzlaff, J. M., Akl, E. A., Brennan, S. E., Chou, R., Glanville, J., Grimshaw, J. M., Hróbjartsson, A., Lalu, M. M., Li, T., Loder, E. W., Mayo-Wilson, E., McDonald, S., McGuinness, L. A., … Moher, D. (2021). The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews. BMJ (Clinical research ed.), 372, n71. https://doi.org/10.1136/bmj.n71

12. Kalogerakis, Z., Lazaratou, H., Petroutsou, A., Touloumi, G., Dikeos, D., Economou, M., & Papageorgiou, C. (2021). Prevalence of Bullying and its Co-occurrence with Aggression and Mental Health Problems among Greek Adolescents Attending Urban Schools. Journal of research in health sciences, 22(1), e00538. https://doi.org/10.34172/jrhs.2022.73

13. Zhang, Y., Hou, Z., Wu, S., Li, X., Hao, M., & Wu, X. (2022). The relationship between internet addiction and aggressive behavior among adolescents during the COVID-19 pandemic: Anxiety as a mediator. Acta psychologica, 227, 103612. https://doi.org/10.1016/j.actpsy.2022.103612

14. Schulz, P. J., Boldi, M. O., & van Ackere, A. (2025). Adolescent Cyberbullying and Cyber Victimization: Longitudinal Study Before and During COVID-19. Journal of medical Internet research, 27, e70508. https://doi.org/10.2196/70508

15. Kumar, V. L., & Goldstein, M. A. (2020). Cyberbullying and Adolescents. Current pediatrics reports, 8(3), 86–92. https://doi.org/10.1007/s40124-020-00217-6

16. Ministry of Healthcare of the Republic of Kazakhstan. Bulling prevention: how to help a child overcome psychological problems. Website. [Cited 20 Nov 2025]. Available from URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/press/news/details/624537?lang=ru

17. Lin, J., & Guo, W. (2024). The Research on Risk Factors for Adolescents' Mental Health. Behavioral sciences (Basel, Switzerland), 14(4), 263. https://doi.org/10.3390/bs14040263

18. Wang, Q., & Zhang, S. (2022). Gender inequality in nutrition intake: Evidence from a large assistance program. Economics and human biology, 45, 101111. https://doi.org/10.1016/j.ehb.2022.101111

19. Hamwey, M., Allen, L., Hay, M., & Varpio, L. (2019). Bronfenbrenner's Bioecological Model of Human Development: Applications for Health Professions Education. Academic medicine: journal of the Association of American Medical Colleges, 94(10), 1621. https://doi.org/10.1097/ACM.0000000000002822

20. Navar, A. M., Peterson, E. D., Li, S., Robinson, J. G., Roger, V. L., Goldberg, A. C., Virani, S., Wilson, P. W. F., Nanna, M. G., Lee, L. V., Elassal, J., & Wang, T. Y. (2018). Prevalence and Management of Symptoms Associated

With Statin Therapy in Community Practice: Insights From the PALM (Patient and Provider Assessment of Lipid Management) Registry. Circulation. Cardiovascular quality and outcomes, 11(3), e004249. https://doi.org/10.1161/CIRCOUTCOMES.117.004249

21. Kamaruddin, I. K., Ma'rof, A. M., Mohd Nazan, A. I. N., & Ab Jalil, H. (2023). A systematic review and meta-analysis of interventions to decrease cyberbullying perpetration and victimization: An in-depth analysis within the Asia Pacific region. Frontiers in psychiatry, 14, 1014258. https://doi.org/10.3389/fpsyt.2023.1014258

22. Perkins, A. M., Meiser-Stedman, R., Spaul, S. W., Bowers, G., Perkins, A. G., & Pass, L. (2023). The effectiveness of third wave cognitive behavioural therapies for children and adolescents: A systematic review and meta-analysis. The British journal of clinical psychology, 62(1), 209–227. https://doi.org/10.1111/bjc.12404

23. Mbau, R., & Gilson, L. (2018). Influence of organisational culture on the implementation of health sector reforms in low- and middle-income countries: a qualitative interpretive review. Global health action, 11(1), 1462579. https://doi.org/10.1080/16549716.2018.1462579

24. Stephen-Haynes J. (2020). Where are we now?. British journal of nursing (Mark Allen Publishing), 29(15), S3. https://doi.org/10.12968/bjon.2020.29.15.S3

25. Sadvakassova Zh, Kalikhanova D, Duisekova S, Kamalbekova G, Abzaliyeva D. (2025) Mental health of university students as a public health priority: Regional analysis and international approaches. Journal of Health Development. 60(2), 46–53. https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60-2-46-53

Подростковая агрессия как проблема общественного здравоохранения: Современные тенденции, факторы риска и доказательные профилактические стратегии

Камалиев М.А. [1], Ауезова А.М. [2], Багиярова Ф.А. [3], Каржаубаева Ш.Е. [4], Мойынбаева Ш.М. [5], Нарымбаева Н.Н. [6], Карибаева И.А. [7], Камалиев Д.М. [8], Жаксылыкова А.В. [9]

[1] Заведующий кафедрой Менеджмент здравоохранения, Высшая школа общественного здоровья, Алматы, Казахстан
[2] Ректор, Высшая школа общественного здоровья, Алматы, Казахстан
[3] Профессор кафедры коммуникативных навыков, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан
[4] Заместитель Председателя Правления, Национальный научный центр развития здравоохранения имени Салидат Каирбековой, Астана, Казахстан
[5] Директор департамента науки и консалтинга, Высшая школа общественного здоровья, Алматы, Казахстан
[6] Старший преподаватель кафедры менеджмент здравоохранения, Высшая школа общественного здоровья, Алматы, Казахстан
[7] Департамент политики в области здравоохранения и общественного здоровья, Колледж общественного здравоохранения Цзяньпин Хсу, Южный университет Джорджии, Стейтсборо, Соединенные Штаты Америки
[8] Студент, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан
[9] PhD докторант, Высшая школа общественного здоровья, Алматы, Казахстан

Резюме

Подростковая агрессия остается актуальной проблемой общественного здравоохранения, влияя на психическое здоровье, социальную адаптацию и образовательные результаты подростков. Рост традиционных и цифровых форм агрессии требует обновления профилактических подходов. Целью данного обзора является систематизация современных данных о распространенности, факторах риска и эффективных интервенциях, а также определение возможностей адаптации международного опыта к условиям Казахстана. Обзор выполнен по PRISMA 2020 с поиском в PubMed, Scopus, Web of Science и Google Scholar. В анализ включены 25 исследований 2015–2024 гг. Агрессия формируется под влиянием биопсихосоциальных и цифровых факторов. Эффективность демонстрируют когнитивно-поведенческие программы, развитие эмоциональной регуляции, семейные вмешательства и многоуровневые модели укрепления психического здоровья. Перспективны цифровые инструменты раннего выявления. Профилактика подростковой агрессии требует межсекторальных действий, цифровых решений и адаптации доказательных программ к национальному контексту.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60-7-jhd045

Ключевые слова: подростки, агрессия, факторы риска, профилактика, психическое здоровье, кибербуллинг, общественное здравоохранение.

Adolescent Aggression as a Public Health Issue: Current Trends, Risk Factors, and Evidence-Based Preventive Strategies

Maksut Kamaliyev [1], Ardak Auyezova [2], Fatima Bagiyarova [3], Sholpan Karzhaubayeva [4], Sharapat Moiynbayeva [5], Nazerke Narymbayeva [6], Indira Karibayeva [7], Daniyar Kamaliyev [8], Assel Zhaksylykova [9]

[1] Head of the Department of Healthcare Management, Kazakhstan's School of Public Health, Almaty, Kazakhstan
[2] Rector, Kazakhstan's School of Public Health, Almaty, Kazakhstan
[3] Professor of the Department of Communication Skills, Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan
[4] Deputy Chairperson of the Board, National Scientific Center for Healthcare Development named after Salidat Kairbekova, Astana, Kazakhstan
[5] Director of the Department of Science and Consulting, Kazakhstan's School of Public Health, Almaty, Kazakhstan
[6] Senior Lecturer, Department of Healthcare Management, Kazakhstan's School of Public Health, Almaty, Kazakhstan
[7] Department of Health Policy and Community Health, Jiann-Ping Hsu College of Public Health, Georgia Southern University, Statesboro, The United States of America
[8] Student, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan
[9] PhD -Student, Kazakhstan's School of Public Health, Almaty, Kazakhstan

Abstract

Adolescent aggression remains a pressing public health issue, influencing mental health, social adaptation, and educational outcomes. The growth of both traditional and digital forms of aggression necessitates updated approaches to prevention. The aim of the review is to systematize current evidence on the prevalence, risk factors, and effective interventions aimed at reducing adolescent aggression, as well as to identify opportunities for adapting international best practices for Kazakhstan. This review was conducted according to PRISMA 2020 guidelines with a literature search in PubMed, Scopus, Web of Science, and Google Scholar. A total of 25 studies published between 2015 and 2024 were included in the final analysis. Adolescent aggression is shaped by a combination of biopsychosocial and digital factors. Effective interventions include cognitive-behavioral programs, development of emotional regulation, family-based approaches, and multilevel mental health promotion models. Digital tools show promise for early identification of at-risk adolescents. Prevention of adolescent aggression requires multisectoral collaboration, digital solutions, and adaptation of evidence-based programs to the national context.

Keywords: adolescents, aggression, risk factors, prevention, mental health, cyberbullying, public health.

https://doi.org/10.32921/2663-1776-2025-60-7-jhd045